

«ЖЕҢІС, ЖЫРЛАЙМЫН СЕНІ!»

Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 77 жылдығына орай 2022 жылдың 29 сәуірінде «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ «Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасының кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент Қ.С. Қалыбекова, ф.ғ.к., доцент К.М. Хамзина, п.ғ.м., аға оқытушылар К.К. Нуржанова, Г.С. Сағатова, Л.М. Кулейменова, М.Т. Оспанғалиевалардың ұйымдастыруымен Қарағанды облысының ЖОО мен колледждері студенттерінің арасында онлайн форматта «Жеңіс, жырлаймын сені!» атты аймақтық әскери патриоттық әндер байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты:

1. Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерліктеріне тағзым ету.
2. Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Елін, жерін, Отанын сүйуге, қадірлеуге тәрбиелеу.
3. Әскери патриоттық әндерді орындау шеберлігін арттыру.


Байқау II номинация бойынша өткізілді:

I номинация – ҰОС тақырыбында презентация жасау;

II номинация – патриоттық тақырыпта 1 ән орындау немесе өлең оқу.


Аймақтық әскери патриоттық әндер байқауына төрелік еткен әділқазылар: Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының аға оқытушылары Хасен М.Ә., Әбілқасов Ғ.М.

Байқауға Қарағанды облысының Балхаш, Жезқазған, Қарағанды қалаларының ЖОО мен колледж студенттері қатысты. Байқаудың қашықтықтан өтуіне байланысты қатысушылар ZOOM арқылы өздерінің әндерін орындады.



Байқауда Жеңіс дауысының барынша қатты естілетінін қалайтынымызды еске түсіріп, жастардың өзін-өзі көрсетудің жаңа мүмкіндіктері пайда болды.

I номинация – Ұлы Отан соғысы тақырыбында презентация жасау.




Байқаудың I номинациясы бойынша әзірленген презентациялар көрсетілді. Презентациялар үздік, мазмұнды, көлемділігі жағынан бағаланды.

I орын. Агулова Аққу (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ, жетекшісі Хамзина К.М.)

II орын. Мейрам Айсұлу (Жезқазған жоғары политехникалық колледжі, жетекшісі Жолдыбаева А.Р.).

II орын. Ақан Ақбаян (ҚарТУ, БТ-21-2 тобы, жетекшісі Нуржанова К.К.)

II номинация патриоттық тақырыпта 1 ән орындау немесе өлең оқу.



Байқаудың II номинациясы патриоттық тақырыпта 1 ән орындау немесе өлең оқу бойынша студенттер патриоттық әндерді орындады. Сонымен қатар өлеңдердің нақышына келтіріп мәнерлеп оқыды.

Патриоттық әндерді орындау бойынша:

I орын. Нұржанқызы Торғын (Балқаш колледжі, 3 курс студенті, жетекшісі Есентаев Н.).

II орын. Текебаев Мирас (Жезқазған жоғары политехникалық колледжі, жетекшісі Жолдыбаева А.Р.).

III орын. Тулегенова Раяна (ҚарТУ, ГПР-21-3, жетекшісі Кулейменова Л.М.).

Патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу бойынша:

I орын. Қалиева Ақерке (О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, жетекшісі Үмбетова А.).

II орын. Ахметова Толғанай (ГПР-21-3, жетекшісі Сағатова Г.К.)

III орын. Елемесова Бота (ҚарТУ, Э-21-2с, жетекшісі Конурова Н.А.).

Ұйымдастырушы оқытушылар іс-шараға қатысқан студенттерді алғыс хаттармен марапаттап, келе жатқан Ұлы Жеңіс күні мейрамымен құттықтады. Студент жастарға оқуда табыс, бейбіт ғұмыр тіледі.